

**«HAPPY TRAVEL» ТҰРАҚТЫ ТҰРАТЫН АУМАҒЫНАН ТЫС ЖЕРЛЕРГЕ ШЫҒАТЫН  
АЗАМАТТАР АУЫРҒАН ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ДЕНСАУЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨЗГЕ ДЕ  
БҰЗЫЛУЛАРЫ ЖАҒДАЙЫНАН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**1 БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы «HAPPY TRAVEL» тұрақты тұратын аумағынан тыс жерлерге шығатын азаматтар ауырған және/немесе денсаулықтарының өзге де бұзылулары жағдайынан ерікті сақтандыру Ережелері (әрі қарай – Ереже) негізінде «АСКО» СК» Акционерлік Қоғамы (әрі қарай – Сақтандырушы) жеке және заңды тұлғалармен (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтанушы) «HAPPY TRAVEL» тұрақты тұратын аумағынан тыс жерлерге шығатын азаматтар ауырған және/немесе денсаулықтарының өзге де бұзылулары жағдайынан ерікті сақтандыру шартын (әрі қарай – Шарт) құрады.

1.2. Ереже Шарт құрудың, орындаудың және тоқтатудың жалпы тәртібі мен талаптарын анықтайды.

1.3. Сақтанушы Шарт құра отырып, Сақтандырушы оған қолжетімді нысанда толық ақпаратты бергендігін растайды:

- сақтандыру объектісін, сақтандыру тәуекелдерін, сақтандыру сыйақысының мөлшерін, сондай-ақ сақтандыру төлемін (сақтандыру өтемін) жүзеге асыру тәртібін, оның ішінде сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтінішпен бірге ұсынылуы қажет құжаттардың тізбесін қамтитын талаптар туралы;

- сақтандыру сыйақысының мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы, сақтандыру сыйақысын төлеу тәсілдері мен мерзімдері, төлемеу, толық мөлшерде төлемеу немесе сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарналарын) уақтылы төлемеу салдарлары туралы;

- Сақтандырушы қолданатын франшизалар және сақтандыру оқиғаларының тізбесінен шығарып тастау туралы, сондай-ақ жасалуы сақтандыру төлемінен бас тартуға немесе оның мөлшерін қысқартуға әкеп соғуы мүмкін сақтандыру қызметтерін алушының әрекеттері туралы;

- Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру төлеміне қатысты өтініштерін қарау мерзімдері туралы, сондай-ақ Сақтандырушының оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану туралы немесе сақтандыру төлемінің мөлшері туралы шешімді қабылдау мүмкіндігіне тікелей байланысты құзыретті органдардан және (немесе) бөгде ұйымдардан ақпарат алу қажеттілігіне байланысты осындай мерзімдерді ұзарту жағдайлары туралы;

- сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалар басталған кезде құжаттарды қабылдау орындарының мекен-жайлары және құжаттарды қабылдау тәртібі туралы, оның ішінде Сақтандырушы сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы.

1.4. Ережелерде пайдаланылатын түсініктер:

**Сақтанушы** – Шарт құрған жеке немесе заңды тұлға.

**Сақтандырылушы** – сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға. Егер Сақтанушы Шартты өз пайдасына құрса – ол Сақтандырылушы болып табылады.

**Пайда алушы** – Шарттың талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы тұлға болып табылады. Пайда алушы болып:

а) медициналық ассистанс және/немесе медициналық ұйымдар қызметтерді ұйымдастырған және ұсынған жағдайда – медициналық ассистанс;

б) Шарт талаптарында қызметтерге дербес ақы төленген жағдайда – Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе оның заңды өкілі.

**Сақтандыру жағдайы** – Шарт күшіне енгеннен кейін аурудың және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылуының, оның ішінде Сақтандырылушының қайтыс болуына байланысты шығындардың нәтижесінде туындаған оқиға.

**Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.

**Медициналық ассистанс** (әрі қарай - Ассистанс) – Сақтандырушымен шарттық қатынастар негізінде Сақтандырылушыға қызметтер көрсетуді ұйымдастыруға, үйлестіруге және бақылауға жауапты сервистік компания.

**Жергілікті тілшілер** – жекелеген жағдайларда шетелде медициналық және медициналық-көліктік қызметтерін ұйымдастыру үшін Ассистанс тартатын халықаралық ассистанс компаниялары.

**Уақытша болатын ел (болатын ел)** – азаматтығы сақтандырылған және/немесе сол жерде тұрақты тұратын елді қоспағанда Шартта көрсетілген және сақтандыру аумағына кіретін кез келген ел.

**Медициналық шығындар** – медициналық көрсеткіштерге сәйкес Сақтандырылушыға білікті дәрігер тағайындаған дәрі-дәрмектер мен медициналық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығындар.

**Медициналық – көліктік шығындар** – медициналық эвакуация және қайтыс болғаннан кейінгі репатриация.

**Жақын туыстар** – ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек бауырлар, атасы, әжесі, немерелері.

**Ауру** – денсаулыққа елеулі зиян келтірмеу немесе өмірге қауіп төндірмеу үшін Сақтандырылушыға шұғыл немесе жедел медициналық көмек көрсетуді талап ететін денсаулықтың күрт нашарлауы және/немесе созылмалы аурудың асқынуы.

**Денсаулықтың өзге де бұзылуы** – Сақтандырылушыға қатысты кенеттен, күтпеген, байқаусызда болған, сыртқы оқиға немесе дене жарақатына немесе өлімге әкелетін әсер.

**ПТР талдау – коронавирустық аурудың (COVID) қоздырғыштарын анықтауға бағытталған зертханалық диагностика әдісі.**

**Сақтандыру аумағы** – Сақтандырылушының уақытша болатын елі, оның шегінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру өтемін төлеу бойынша міндеттемелерді көтереді. Сақтандыру аумағы Шартта көрсетіледі.

**Сапар** – спорт, туризм, қонақ немесе іскерлік сапарлар, жалдау бойынша жұмыстар, бизнес, оқу, сондай-ақ Шартта көрсетілген аумақ шегінде және қолданылу кезеңі ішінде белсенді демалыс түрлеріне байланысты сапарлар мақсатында Сақтандырылушының тұрақты тұратын жерінен тыс жерге шығуы.

**Шарттың қолданылу мерзімі** – Шарт оның тараптары үшін міндетті болып табылатын уақыт кезеңі.

**Сақтандыру қорғанысының кезеңі** – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру және сақтандыруда көзделген өзге де төлемдер нысанында материалдық қамтамасыз етуді ұсынатын мерзім.

## **2 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ**

2.1. Сақтандыру объектісі Сақтанушының (Сақтандырылушының) ауруға және/немесе денсаулығының өзге де бұзылуларына байланысты белгіленген сомада және/немесе Сақтандырылушыға жартылай немесе толық өтемақы мөлшерінде шығындарды, оның ішінде тұрақты тұратын аумақтан тыс жерлерде болу кезінде сақтандыру шарттарында көзделген көлемде аурудың және/немесе денсаулығының өзге де бұзылуларының салдарынан болған өліммен байланысты шығындарды өтеуге байланысты мүлдіктік мүддесі болып табылады.

2.2. Сақтанушы Шартта 1 (бір) Сақтандырылушыны көрсетуге құқылы.

## **3 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ**

3.1. Шартта көзделген аурудың және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылуларының салдарынан Сақтандырылушының қайтыс болуына не денсаулығына зиян келуіне әкеп соққан, күтпеген оқиға сақтандыру жағдайы болып табылады.

3.2. Шарт бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады:

3.2.1. аурудың және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылуларының салдарынан Сақтандырылушының қайтыс болуы не денсаулығына зиян келуі;

3.2.2. ауруға және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылуларына байланысты медициналық көмек көрсетуге Сақтандырылушының өтініші;

3.3. Сақтандырушы тәуекелдер бойынша сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етеді:

3.3.1. «Медицинский совет по телефону» – Сақтандырылушыға телефон бойынша Ассистанс тәулік бойы диспетчерлік қызмет көрсететін медициналық кеңес;

3.3.2. «Теле-медицинские консультации» - төмендегілерге шағым түсіру кезінде Сақтандырылушыға медициналық мекеменің сырттай қызмет көрсетуі:

- қабынба көріністер (жөтел, тұмау, жоғары температура);
- ішек белгілері – іш өту, кекіру, құсу, флатуленция – жоғары температурсыз;
- ұсақ жарақаттар, жаралар мен сызаттар (тек сервистік қызметтің кезекші дәрігерінің келісімі бойынша);
- бас ауруы (тек сервистік қызметтің кезекші дәрігерінің келісімі бойынша).

3.3.3. «**Экстренная стоматология**» – жазатайым оқиғадан кейін немесе қатты тіс ауруы басталған кезде кейінгі қалпына келтіру емін қоспағанда жансыздандыруды және оларды сақтауды/жұлуды қамтамасыз ету мақсатында Сақтандырушының өз тістерін шұғыл емдеу;

3.3.4. «**Срочная медицинская помощь (амбулаторное медицинское обслуживание)**» — Сақтандырылушыға амбулаториялық-емханалық қызметтерді ұсыну: дәрігер-мамандардың тексерісі мен кеңесі, диагнозды анықтау үшін шұғыл көрсеткіштер бойынша зертханалық сараптамалар мен диагностикалар жүргізу;

3.3.5. «**Срочная медицинская госпитализация (стационарное медицинское обслуживание)**» — Сақтандырылушының стационарда дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, диагнозды анықтауға байланысты зертханалық сараптамалар және диагностиканы қоса алғанда кертартпа (терапиялық) және жедел хирургиялық емдеу;

3.3.6. «**Медицинская транспортировка по показаниям**» – Сақтандырылушыны денсаулығының күрт нашарлауына және оған амбулаториялық-емханалық және/немесе стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету қажеттілігіне байланысты сақтандыру аумағында медициналық мекемеге және/немесе білікті мамандардың қатысуымен мамандандырылған медициналық немесе басқа да көлікте медициналық эвакуация (репатриация) мақсатында жақын жердегі халықаралық әуежайға дейін тасымалдау;

3.3.7. «**Медицинская эвакуация и репатриация**» – азаматтардың, оның ішінде медициналық мекемеде емделіп жатқан тұлғалардың өмірін сақтап қалу және денсаулығын сақтау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырылушының шетелден Қазақстан Республикасындағы оның тұрғылықты жеріне жақын халықаралық әуежайға не азаматтығы бар елдің халықаралық әуежайына дейін, оның ішінде сақтандыру аумағында стационарда болу жөніндегі шығындар Сақтандырушы жауапкершілігінің көлемінен асып кетуі немесе уақытша болатын елде қажетті медициналық көмек көрсету үшін мүмкін болмаған жағдайда тасымалдау;

3.3.8. «**Медикаментозное обеспечение, связанное с амбулаторным медицинским обслуживанием**» - Сақтандырылушыны дәрі-дәрмектермен және таңу материалдарымен қамтамасыз ету;

3.3.9. «**Посмертная репатриация**» – жерлеу шығындарын қоспағанда, Сақтандырылушының денесін Қазақстан Республикасындағы жерлеу орнына жақын халықаралық әуежайға не азаматтығы бар елдің халықаралық әуежайына дейін тасымалдау;

3.3.10. «**Чрезвычайные транспортные расходы**» - үшінші тұлғалар үшін көлік ақысын төлеуге байланысты шығындар. Егер сапарға жалғыз шыққан Сақтандырылушы сақтандыру аумағында госпитальға жатқызылған болса және дәрігердің кәсіби пікірі бойынша науқастың жағдайы ауыр деп есептелсе, Сақтандырушы Сақтандырылушының жақын туысы немесе жұбайы (зайыбы) болып табылатын тұлғаға науқасқа бару үшін экономикалық класпен екі жаққа да билет алу шығындарын өтейді. Сақтандырылушы госпитальда жатқан елдегі жақын туысының тұру шығындарын Сақтандырушы өтемейді.

Төтенше көлік шығындарына Сақтандырылушының кәмелеттік жасқа толмаған балаларын қайтаруға байланысты шығындары да жатады. Егер Сақтандырылушының асырауындағы балалар сақтандыру аумағында ауруына және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылуына байланысты қараусыз қалса, Сақтандырушы Сақтандырылушының кәмелеттік жасқа толмаған тұлғаларының экономикалық класпен тұрақты тұратын елге барғаны үшін жол шығындарын өтейді. Бұл үшін Сақтандырылушы Ассистанстың диспетчерлік орталықтарының біріне жүгінеді, сондай-ақ Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуына байланысты пайдаланылмаған балалардың жол жүруі үшін билеттің(-тердің) құнын (авиа, т/ж, авто, теңіз көлігі) қайтарады.

3.4. Шарт шеңберінде Сақтанушы қосымша тәуекелді таңдауға мүмкіндігі бар:

3.4.1. «**COVID**» - коронавирус қоздырғышы болып табылатын жедел жұқпалы ауруларды емдеуге, дәрі-дәрмектерді тағайындауға және госпитальға жатқызуға байланысты шығындарды жабу;

3.4.2. «Активный отдых - экстрим» - су аттракциондарына бару, велосипедпен, автокөлікпен, мопедпен, скутермен, мотороллермен, мотоциклмен (оның ішінде суда) жүру, жағажай спорт түрлерімен айналысу, атқа (атқа, түйеге, пілге және басқа да жануарларға) міну кезінде, арнайы жабдықталған трассаларда коньки, тау шаңғыларын және сноуборд тебу, қарда жүретін көлікпен және т.б. жүру кезінде, треккинг, альпинизм, құзға шығу, дайвинг және аңға шығу (оның ішінде су асты), үңгірге түсу және «қызыл» деңгейден жоғары трассаларда немесе дайындалмаған трассаларда сырғанау, өзен бойымен рафтинг, парашютизм кезінде, Сақтандырылушының белгілі бір ережелермен ұйымдастырылған спорттық жарыстарға қатысуы кезінде ауруға және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылуларына байланысты шығындарды жабу.

#### **4 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ**

4.1. Шартта көзделген аурудың және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылуларының салдарынан Сақтандырылушының қайтыс болуына не денсаулығына зиян келуіне әкеп соққан, күтпеген оқиға сақтандыру жағдайы болып табылады.

4.2. Ереженің негізінде құрылған Шарт бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады:

4.2.1. аурудың және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылуларының салдарынан Сақтандырылушының қайтыс болуы не денсаулығына зиян келуі;

4.2.2. ауруға және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылуларына байланысты медициналық көмек көрсетуге Сақтандырылушының өтініші.

4.3. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Ассистанстың (жеке жағдайларда жергілікті тілшілердің) қызметтері арқылы медициналық және медициналық-көліктік көмек көрсетуді ұйымдастыруға және сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттенеді.

4.4. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген шығындарды дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жүктеледі.

4.5. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін туындаған аурудың және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылуларының салдарынан Сақтандырылушының қайтыс болуы сақтандыру қорғанысымен өтелмейді.

#### **5 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ЕРЕКШЕЛІК. САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ**

5.1. Сақтандыру қорғанысымен жабылмайды:

5.1.1. құзыретті органдарға ұсыну үшін коронавирустық ауруды (COVID) анықтау бойынша, профилактикалық мақсаттарда (сақтандыру аумағына кіру немесе шығу кезінде) зертханалық талдауларға арналған шығындар, коронавирустық ауру (COVID) бойынша карантин жағдайында тұруға байланысты шығындар;

5.1.2. Сақтандырылушының өміріне тікелей қауіп төндіретін кенеттен өршулерді және/немесе асқынуларды қоспағанда созылмалы ауруды емдеуге, сондай-ақ оның өршуіне және/немесе асқынуына байланысты шығындар;

5.1.3. медициналық көмектің жоспарлы нысанын көрсетуге байланысты шығындар;

5.1.4. жүйке, психикалық ауруларды емдеуге және олардың өршуіне, эпилепсияға (бастапқы және симптоматикалық, селкілдек ұстамалар), сондай-ақ олармен байланысты травматикалық жарақаттарға, депрессияларға, өз-өзіне қол жұмсауға және қасақана өзіне зиян келтіруге байланысты шығындар;

5.1.5. пластикалық және қалпына келтіру хирургиясына, акупунктураға және физиотерапияға, косметологиялық және сыртқы келбеті мен дене ауытқуларының кемшіліктерін жоюға және тіс протездеудің барлық түрлеріне, тіске, оның ішінде тіссауыт орнатуға, көзге, есту протезін қолдануға, буындарды протездеуге, көзілдірік, контактілі линзалар, есту аппараттарын сатып алуға, сондай-ақ тіпті оларды жүргізуге медициналық көрсеткіштер болған кезде де жүрекке және қан тамырларына (аортакоронарлық шунттау және т.б.) хирургиялық араласуды төлеу бойынша шығындарды қоса алғанда өзге де емдеуге байланысты шығындар;

5.1.6. дірілді, ультрадыбысты, электромагниттік, лазерлік, күн сәулелерін, электрмен дәнекерлеуді, гипертермияны, жаншылудан босатуды қоса алғанда кез келген түрдегі сәулеленудің тікелей немесе жанама әсерінен туындаған ауруларды және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылуларын емдеуге байланысты шығындар;

- 5.1.7. жыныстық жолмен берілетін ауруларға, жыныстың өзгеруіне немесе жыныстық сипаттағы басқа да жағдайларға, бедеулікке байланысты немесе денсаулықтың осы жағдайына немесе жасанды көбеюдің басқа да нысандарына байланысты шығындар. Жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромын (ЖИТС) немесе ЖИТС-пен байланысты кешенге және басқа да ұқсас инфекцияларды, ауруларды, зақымдануларды немесе осы жағдайлардан туындайтын, неден туғаны тәуелсіз көрсеткіштерді қоса алғанда иммун тапшылығы вирусына немесе АИТВ-ауруларына байланысты күтім немесе емдеу бойынша шығындар;
- 5.1.8. емдеу манипуляцияларына – ятрогендік зақымдануларға байланысты шығындар;
- 5.1.9. онкологиялық, оның ішінде алғаш рет анықталған ауруларға байланысты шығындар;
- 5.1.10. Сақтандырылушы сақтандыру басталғанға дейін емделуге байланысты денсаулық жағдайының нашарлауынан туындаған шығындар;
- 5.1.11. Инфекциялық стационарға және/немесе изоляторға жатқызуды талап ететін, оның ішінде туберкулез, полиомиелит, нейроинфекция, атипті пневмония вирусы, тұмау және процестің клиникалық нысаны мен сатысына қарамастан олардың зардаптарын қоса алғанда вакцинациямен алдын алуға мүмкін болатын және/немесе Сақтандырылушының науқаспен байланыста болғаннан кейін профилактикалық карантиндік шараларды бұзуының салдары болып табылатын жұқпалы және паразиттік ауруларды емдеуге арналған шығындар;
- 5.1.12. процестің клиникалық нысаны мен сатысына қарамастан туберкулез бен саркоидозды емдеуге арналған шығындар;
- 5.1.13. псориазды, терең микозды, қант диабетін, туа біткен ауытқулар мен даму ақауларын, дәнекер тіннің жүйелік ауруларын (жүйелі қызыл жегін, ревматоидты артритты, дерматомиозитты), жүйелі васкулитты (түйінді периартритты, геморрагиялық васкулитты), амилоидозды, созылмалы бүйрек жеткіліксіздігін, оның ішінде бүйректен тыс қан тазартуды қажет ететін ауруларды емдеуге арналған шығындар;
- 5.1.14. гепатиттың барлық түрлерімен ауруға немесе аурудың салдарларына (асқынуларына) байланысты шығындар;
- 5.1.15. алкогольмен және оның суррогаттарымен, есірткі заттарымен жіті улануға, алкоголизмнен, нашақорлықтан және басқа да теріс пайдаланудан/тәуелділіктен емделуге немесе есірткі, уытты заттарды, алкогольдік ішімдіктерді қабылдаудан туындаған ауыр жағдайларға тәуелділікке немесе емдеуге байланысты басқа да жағдайларды емдеуге, сондай-ақ жоғарыда аталған заттардың әсерінен жарақат алған кезде Сақтандырылушы алған жарақаттарды емдеуге байланысты шығындар;
- 5.1.16. жүктілікке (асқынуларды қоса алғанда), босануға және жүктілікті жасанды жолмен тоқтатуға байланысты, өмірге қауіп төндіретін кенеттен асқыну немесе денсаулықтың құжаттамамен расталған бұзылуы жағдайларын қоспағанда, жасанды ұрықтандыруға, бедеулікті емдеуге және ұрықтандырудың алдын алу бойынша, Сақтандырушының мамандарымен қажетті ретінде келісілмеген және осындай босанудан кейінгі емдеуге, жоспарлы тәртіппен кесар тілігін жүргізу жөніндегі отаға арналған шығындар, сабақтарды өткізуге арналған шығындар, босануға тікелей байланысты емес акушерлік шығындар;
- 5.1.17. контрацепцияға, зарарсыздандыруға, ұрықтандыруға, вазэктомияға, венерологиялық ауруларға және жыныстық жолмен берілетін ауруларға байланысты шығындар;
- 5.1.18. жұқпалы немесе вирустық аурулары бар науқастарды күту жөніндегі келісімшарт (медициналық қызметтер көрсетуге байланысты) бойынша жұмыс істеу мақсатында сақтандыру аумағына кеткен Сақтандырылушының жұқпалы немесе вирустық ауруларын емдеуге байланысты шығындар;
- 5.1.19. тұқым қуалайтын ауруларды емдеуге байланысты шығындар;
- 5.1.20. органдар мен тіндерді трансплантациялауға және имплантациялауға байланысты шығындар;
- 5.1.21. автокөлік апатынан алынған ауруларды және/немесе денсаулықтың басқа да бұзылуларын емдеуге байланысты шығындар, егер Сақтандырылушы:
- а) көлік құралын жүргізуші куәлігінсіз немесе куәлігі болған кезде тиісті санаттағы немесе ішкі санаттағы басқару куәлігі болмай көлік құралын басқарса;
  - б) алкогольдік, есірткілік немесе уытты мас күйінде көлік құралын басқарса;
  - в) алкогольдік, есірткілік немесе уытты мас күйінде басқарған тұлғамен көлік құралында (жолаушы ретінде) болса, автокөлік апаттарынан болған ауруларды және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылуларын емдеуге байланысты шығындар.

- 5.1.22. тиісті лицензиясы жоқ медициналық мекеменің (дәрігердің) қызмет көрсетуіне байланысты шығындар не, егер лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрса, дәстүрлі емес әдістермен (халық медицинасы, емшілік) емдеуге арналған шығындар, сондай-ақ Сақтандырылушыны емдеуге және/немесе дипломы бар медициналық қызметкер болуына тәуелді емес оның туысқандары оған күтім жасауға байланысты шығындар;
- 5.1.23. егер құрамы құрастырушымен жасырылған дәрі-дәрмектер тағайындалса, дәрі-дәрмектерді сатып алу шығындары, сондай-ақ тамақ өнімдерін, қуат беретін құралдарды, арықтауға арналған құралдарды, косметикалық құралдарды сатып алуға байланысты шығындар;
- 5.1.24. медициналық көмектің жоспарлы нысанын: емдік массажды және қолмен емдеуді, профилактикалық тексеруді, жалпы медициналық тексеруді, екпелерді, санаторий-курорттық емдеуді, санаторийды, терапевтік немесе қамқоршылық күтімді, оның ішінде құтыру немесе сіреспе жұқтыруы мүмкін деген күдік туындаған кезде дәрігер тағайындаған препараттарды профилактикалық енгізуден басқа кене, екпелерді зерттеуді алу салдарынан болған шығындар;
- 5.1.25. тиісті лицензиясы жоқ немесе, егер медициналық көмек көрсету сәтінде лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрса, медициналық мекеменің қызмет көрсетуіне байланысты шығындар;
- 5.1.26. Сақтандырылушының уақытша келген, осы жерден хабардар болған елге эндемикалық аурулардың алдын алу ережелерін бұзуына, сондай-ақ дәрігердің кеңесін орындамауына байланысты шығындар;
- 5.1.27. Сақтандырылушының ем алу мақсатында шетелге келген уақытында басталған денсаулық жағдайының нашарлауына немесе қайтыс болуына байланысты шығындар;
- 5.1.28. ғылыми мойындалмаған әдістермен ауруларды тексеруге және емдеуге байланысты шығындар, сондай-ақ сертификатталмаған дәрі-дәрмектерді сатып алуға арналған шығындар;
- 5.1.29. стационарлық емделу кезінде қосымша жайлылықты қамтамасыз ету бойынша шығындар;
- 5.1.30. жергілікті емдеуге жататын және Сақтандырылушының саяхатын жалғастыруға кедергі келтірмейтін аурулар немесе жарақаттар жағдайында эвакуациялауға арналған жағдайлар;
- 5.1.31. Сақтанушының (Сақтандырылушының) өрескел абайсыздығы және/немесе қасақана және/немесе құқыққа қарсы әрекеттері салдарынан туындаған ауруларды және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылуларын емдеуге байланысты шығындар;
- 5.1.32. Шартта көзделген медициналық, көліктік және өзге де қызметтерді алуға байланысты аудармашыны ұсынуға байланысты шығындар;
- 5.1.33. Сақтандырушы тағайындаған медициналық кеңесшінің пікірі бойынша жергілікті емдеуге жататын және Сақтандырылушының саяхатын жалғастыруға кедергі келтірмейтін елеусіз аурулар және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылулары жағдайында эвакуациялау/репатриациялау бойынша шығындар;
- 5.1.34. Сақтандырушы немесе медициналық ассистанс ұйымдастырмаған кез келген эвакуациялауға және/немесе репатриациялауға қатысты шығындар, сондай-ақ осындай эвакуациялау және/немесе репатриациялау нәтижесінде туындаған шығындар, Сақтандырылушының тұрақты тұратын жеріне эвакуациялаудан ерікті түрде бас тартуы нәтижесінен туындаған шығындар, сондай-ақ осындай бас тартудан кейінгі туындаған шығындар;
- 5.1.35. медициналық мекемеге дейін жоспарлы тасымалдау бойынша шығындар;
- 5.1.36. медициналық қарсы көрсетілімдерге қарамастан қабылданған, сапар барысында туындаған кез келген шағымдарға байланысты шығындар;
- 5.1.37. Сақтандырылушыны таудан, теңізден, шөл даладан, джунгльдан немесе басқа да шалғай аудандардан табу мақсатында іздеу-құтқару шараларына байланысты кез келген шығындар;
- 5.1.38. Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтіруге немесе қайтыс болуына байланысты, кез келген соғыс (жарияланған немесе жарияланбаған), әскери іс-қимылдар, маневрлер немесе өзге де әскери шаралар, азаматтық соғыс, халықтық толқулар немесе ереуілдер салдарына, оның ішінде Сақтандырылушының қоғамдық тәртіпсіздіктерге қатысуына, кез келген елдердің қарулы күштері мен құрылымдарына қызмет етуге, ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті ластану әсеріне байланысты шығындар;
- 5.1.39. Сақтандырылушы тұрғылықты жеріне оралғаннан кейін бірдей сақтандыру жағдайына байланысты кейінгі көшуге кез келген шығындар;
- 5.1.40. жалдау бойынша жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерін бұзуға байланысты шығындар;
- 5.1.41. Сақтандырылушының тұрақты тұратын жеріне эвакуациялаудан ерікті түрде бас тартуы нәтижесінен туындаған шығындар;

5.1.42. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде орын алса да, бірақ оның басталу себептері ол күшіне енгенге дейін қолданыла бастаған сақтандыру жағдайы нәтижесінде Сақтандырылушының шеккен шығындары;

5.1.43. салттық қызметтер, жерлеу және еске алу астарын өткізу;

5.1.44. моральдық зиян, жіберілген пайда, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар, өсімпұлдар және өзге де жанама шығындар;

5.1.45. сақтандыру шартында көзделмеген шығындар.

5.2. Егер сақтандыру шарттарында өзгеше көзделмесе, ауруларды және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылуларын емдеуге байланысты шығындар сақтандыру қорғанысымен өтелмейді:

5.2.1. кез келген спорт түрінен туындаған (кәсіпқой немесе әуесқой ретінде): мопедте, скутерде, мотоциклде, қарда жүретін көлікте, квадроциклде, гидроциклде жүру, ұшатын аппаратпен ұшу, оны басқару (кәсіби ұшқыш басқаратын азаматтық авиация ұшағында жолаушы ретінде ұшу жағдайларын қоспағанда), моторсыз ұшу аппараттарында, моторлы планерлерде, жеңіл ұшатын аппараттарда ұшу, парашютпен секіру, альпинизм, мұзға өрмелеу, құзға шығу, мото- және автожарыстар, дайвинг, жануарлармен байланысты спорттың кез келген түрлері және жоғары тәуекелмен байланысты іс-шаралар;

5.2.2. ресми өткізілетін спорттық жарыстарға қатысуға байланысты;

5.2.3. келісім немесе Шарт бойынша кәсіби қызметтерді жүзеге асыру салдарынан;

5.2.4. сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде алғаш рет диагноз қойылған коронавирустық ауруға (COVID) байланысты госпитальға жатқызу, емдеу және дәрі-дәрмектерді сатып алу салдарынан.

5.3. Келесі тұлғалар сақтандыруға жатпайды:

5.3.1. 80 жастан жоғары;

5.3.2. коронавирустық ауру (COVID) күдігімен карантинде болған не Шарт құру күніне дейін 10 (он) күннен аз уақыт бұрын карантинде болған, сондай-ақ Сақтанушы/Сақтандырылушы Шарт құруға өтінішпен жүгінген күні коронавирустық ауруға (COVID) ПТР-сынағы оң нәтижелі болғандар;

5.3.3. емдеудің кез келген түрін алу мақсатында сақтандыру аумағына шығатындар;

5.3.4. сақтандырудың болжамды аумағында шарт құру сәтінде болғандар;

5.3.5. ведомствоаралық комиссиялар, уәкілетті мемлекеттік органдар кету үшін ұсынбаған, аталған ведомстволардың ресми көздерінде жарияланатын елдерге шығатындар;

5.3.6. ұшуға медициналық қарсы көрсетілімдермен.

## **6 БӨЛІМ. ШАРТ ҚҰРУ ТӘРТІБІ**

6.1. Шарт Сақтанушы Сақтандырушыға өтінішпен жүгінген кезде құрылады.

6.2. Сақтандыру өтініші келесі мәліметтерді құрауы тиіс:

- Сақтанушының деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН немесе БСН көрсетілген ұйымның атауы, орналасқан жерінің толық мекен-жайы, телефон нөмірі және басқа да байланыс құралдары, атауы, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен берілген күні);

- Сақтандырылушының деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН, тіркеу мекен-жайы, нақты тұратын жерінің мекен-жайы, атауы, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен берілген күні, азаматтығы бар мемлекеттің аумағынан тыс жерде тұруға уақытша да, тұрақты да ресми рұқсаттардың болуы.);

- мәлімделген сақтандыру сомасын және Сақтанушы сақтандыруға беруді қалайтын тәуекелдер тізбегін;

- сақтандыру аумағын;

- сапар мақсатын;

- сақтандыру өтемінің сомасы мен валютасын;

- Шарттың қолданылу мерзімін/сақтандыру қорғанысының кезеңін;

- тәуекел дәрежесін анықтау және сақтандыру сыйақысын есептеу үшін қажетті басқа ақпаратты.

6.3. Ережелер Сақтанушыға Шартта ақпараттық-телекоммуникациялық Интернет желісіндегі Сақтандырушының сайтында Ережелер мәтінінің орналасқан жеріне сілтемені көрсету жолымен беріледі. Көрсетілген тәсілмен (Ережелердің мәтінін қағаз жеткізгіште тапсырусыз) Ережелерді алу Сақтанушыны/Сақтандырылушыны осы сақтандыру шарттарында көзделген міндеттерден босатпайды. Сақтанушының талабы бойынша Сақтандырушы оған Ережелерді электрондық пошта мекен-жайына жіберу арқылы қосымша табыс ете алады.

6.4. Сақтанушының өтінішін және болжамды тәуекелді бағалауды алғаннан кейін Сақтандырушы сақтандыру сыйақысының есебін жүргізеді.

6.5. Шартты рәсімдеу сақтандыру сыйақысын қолма қол ақшамен немесе қолма қол ақшасыз жүзеге асырылады.

6.6. Егер Шартта өзгеше талаптар көзделмесе, олар құрылған күннен бастап күшіне енеді.

6.7. Шарт тараптармен келісілген мерзімге құрылады.

6.8. Егер Шарт құрғаннан кейін Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігін және оның басталуынан болатын ықтимал шығындардың мөлшерін анықтау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталған болса, Сақтандырушы Сақтанушы олар туралы үнсіз қалған жағдайларды қоспағанда Шартты жарамсыз деп тануды және ҚР заңнамасында көзделген салдарларды қолдануды талап етуге.

6.9. Шарттың қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы білген Сақтандырушы бір мезгілде жаңа Шарт құра отырып, Шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылуын және тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлей отырып, сақтандыру сыйақысын төлеуді талап етуге құқылы.

6.10. Сақтандырушы себебін түсіндірмей Шарт құрудан бас тартуға құқылы.

## **7 БӨЛІМ. ШАРТТЫҢ АУМАҒЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ**

7.1. Қолданылу мерзімі мен аумағы Шартта көрсетіледі.

7.2. Сақтандыру қорғанысы сақтандыру аумағына таралады.

7.3. Егер сақтандыру шарттарында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысы Сақтандырылушының сақтандыру аумағында нақты болу кезеңімен шектеледі.

7.4. Сақтандыру аумағынан шығарылады:

7.4.1. аумағында әскери іс-қимылдар жүргізілетін мемлекет;

7.4.2. шегінде эпидемия ошақтары табылған немесе расталған және/немесе карантин жарияланған мемлекеттер аумақтары;

7.4.3. тұрақты тұратын аумақ;

7.4.4. өздеріне қатысты БҰҰ-ның (Біріккен Ұлттар Ұйымы) экономикалық және/немесе әскери санкциялары қолданылған мемлекеттер аумақтары;

7.4.5. Сақтандырылушының азаматтығы немесе тұрғылықты жерінің түрі бар немесе Шарт күшіне енгеннен кейін оны алған мемлекеттер аумақтары.

7.5. Сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі сақтандыру шарттарымен анықталады және Шарттың қолданылу мерзіміне сәйкес келмеуі мүмкін.

## **8 БӨЛІМ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

8.1. Сақтанушы құқылы:

8.1.1. Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін түсіндіуді талап етуге;

8.1.2. Шарт жоғалған жағдайда оның көшірмесін алуға;

8.1.3. Сақтандыру шарттарына сәйкес медициналық қызмет көлемін алуға;

8.1.4. Шарт талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

8.1.5. Сақтандырушыға медициналық қызметтердің ұсынылмаған немесе толық емес және сапасыз ұсыну жағдайлары туралы жазбаша түрде хабарлауға;

8.1.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы Сақтандырушының шешімін даулауға;

8.1.7. Шартты мерзімінен бұрын тоқтатуға.

8.2. Сақтанушы (Сақтандырылушы) міндетті:

8.2.1. Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін қажетті сенімді ақпаратты ұсынуға;

8.2.2. Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйақысын төлеуге;

8.2.3. Шарттың көшірмесін алу үшін Сақтандырушыға жазбаша түрде жүгінуге;

8.2.4. Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы хабарлауға;

8.2.5. Сақтандырушыға Шарт талаптарының белгіленген тәртібінде және мерзімінде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға;

8.2.6. өз әрекетін Ассистанспен келісуге және оның нұсқауларын орындауға;



- 8.2.7. сақтандыру жағдайы басталған кезде ықтимал шығындардың алдын алу немесе азайту үшін болған мән-жайларда ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қабылдауға;
- 8.2.8. дәрігерлердің нұсқауларын орындауға;
- 8.2.9. дәрігерлерге, медициналық ұйымдарға және өзге де уәкілетті тұлғаларға Сақтандырушының сұранысы бойынша сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тексеру үшін қажетті құжаттарды беруге уәкілеттік беруге;
- 8.2.10. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, басталу барысы, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерлері туралы соттауға мүмкіндік беретін барлық ақпаратты (қажет болған кезде – жазбаша нысанда) құжаттаманы ұсынуға;
- 8.2.11. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- 8.2.12. Шартты және жеке басын куәландыратын құжатты көрсете отырып, Ассистанстың және/немесе Сақтандырушының келісімі бойынша медициналық ұйымға жүгінуге;
- 8.2.13. медициналық қызметтерді алу кезінде сақтандыру белгілеген лимиттерден асатын айырманы төлеуге;
- 8.2.14. емдеуші дәрігерден емдеу барысы туралы ақпарат алуда Сақтандырушының немесе Ассистанстың өкіліне қарсы келмеуге.
- 8.3. Сақтандырушы құқылы:
- 8.3.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы) хабарлаған ақпаратты, сондай-ақ Шарттың талаптары мен шарттарының орындалуын тексеруге;
- 8.3.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені шешу үшін қойылған диагноздың сәйкестігін және жүргізілген емнің дұрыстығын анықтау үшін медициналық мекемелерден алынған шоттарды және өзге де құжаттарды тәуелсіз сарапшылардың қарауына беруге;
- 8.3.3. сақтандыру жағдайы бойынша ұсынылған құжаттарға тексеру жүргізуге, сақтандыру жағдайының мән-жайлары туралы ақпараты бар ұйымнан мәліметтер сұратуға, сондай-ақ Сақтандырылушының қосымша медициналық куәландырылуын талап етуге;
- 8.3.4. егер Сақтанушы Сақтандырылушының денсаулық жағдайы және сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде Сақтандырушы үшін маңызы бар өзге де тәуекелдер туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталған жағдайда, Шартты мерзімінен бұрын тоқтатуды талап етуге;
- 8.3.5. Сақтандырылушыға сақтандыру шарттарында көзделген шығындар лимиттерінен тыс көрсетілген медициналық қызметтерді төлемеуге;
- 8.3.6. Шарттың талаптарында көзделген негіздемелер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе жартылай жүзеге асырудан бас тартуға.
- 8.4. Сақтандырушы міндетті:
- 8.4.1. Сақтанушыны сақтандыру шарттарымен таныстыруға және оның талабы бойынша Ереженің көшірмесін ұсынуға;
- 8.4.2. Сақтандырылушыға Ассистанс қызметтері арқылы медициналық қызметтерді ұсынуды қамтамасыз етуге;
- 8.4.3. Шарттың талаптарына сәйкес Сақтандырылушыға көрсетілетін медициналық көмектің көлемін және сапасын қадағалауға;
- 8.4.4. сақтандыру құпиясын сақтау;
- 8.5. Сақтандыру шарттарымен ҚР заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандырушы мен Сақтанушының басқа да құқықтары мен міндеттемелері көзделуі мүмкін.

## **9 БӨЛІМ. САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТІ**

- 9.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайы басталған кезден бастап 24 сағаттан кешіктірмей медициналық және/немесе медициналық-көліктік көмекке жүгінуді келісу үшін Ассистансқа не Сақтандырушыға хабарлауы тиіс. Бұл ретте келесі ақпаратты хабарлау керек:
- 9.1.1. Сақтандырылушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде);
- 9.1.2. Шарт нөмірі және оның қолданылу кезеңі;
- 9.1.3. Сақтандырушының атауы;
- 9.1.4. Сақтандыру жағдайының басталу күні, уақыты және орны;
- 9.1.5. Болған оқиға мән-жайының толық сипаттамасы мен қажет етілетін көмектің сипаты;
- 9.1.6. Сақтандырылушының орналасқан жері және кері байланыс үшін телефон нөмірі.

9.2. Келген елде Ассистанстың диспетчерлік орталығы болмаған жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы) шығындарды өздігінен төлейді, ал Сақтандырушы оған сақтандыру шарттарына сәйкес осы шығындарды өтейді.

9.3. Егер Сақтандырылушының қайтыс болуы сақтандыру жағдайы болып табылса, онда Сақтандырушының сақтандыру жағдайы туралы хабарламасының мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін ұзартылады.

9.4. Жекелеген жағдайларда, егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) дәлелді себептер бойынша Ассистансқа хабарламаса және Сақтандырылушыға қазірдің өзінде медициналық көмек көрсетілсе, Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе олардың өкілдері 24 сағат ішінде медициналық көмек көрсететін медициналық мекеменің атауын, мекен-жайын және байланыс телефондарын көрсете отырып, Ассистансқа не болғаны туралы хабарлауға міндетті.

## **10 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

10.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы) келген елдегі Ассистанс (жекелеген жағдайларда жергілікті тілшілер) арқылы алған медициналық қызметтер бойынша шығындар тікелей Ассистансқа қайтарылады, бұл ретте сақтандыру сомасынан асатын шығындарды Сақтанушы (Сақтандырылушы) өздігінен төлейді.

10.2. Келген елде Ассистанс болмаған жағдайда сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырылушы Сақтандырушыға ұсынады:

10.2.1 Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш;

10.2.2. Шарт (оның ккшірмесі);

10.2.3. Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттың барлық беттерінің көшірмелері;

10.2.4. Сақтандырылушының ТАӘ, оған келтірілген зиянның сипатын, диагнозды, жүгіну (госпитальға жату) күнін көрсете отырып, тиісті медициналық мекеме қорытындысының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;

10.2.5. қайтыс болған күні мен себептерін көрсете отырып, Сақтандырылушының қайтыс болуын анықтайтын медициналық мекеме қорытындысының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;

10.2.6. қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе қайтыс болғаны туралы хабарлама (Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда);

10.2.7. Сақтандырылушының әрбір процедурасының атауын, қабылдауын, олардың санын, құнын, төлем күнін және ТАӘ көрсете отырып, процедурадан өткенін, дәрігерді қабылдағанын растайтын медициналық мекемелерден төленгені туралы шоттардың, фискалдык, тауарлық чектердің, түбіртектердің түпнұсқалары. Шоттарда, фискалдык, тауарлық чектерде, түбіртектерде және төлемді растайтын басқа да құжаттарда төлем валютасы көрсетілмеген жағдайда Сақтандырушы Шарт құру күніне келген елдің (нақты шығындар жұмсалған) валютасын ҚР Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша теңгемен сақтандыру төлемін есептеуді жүзеге асырады;

10.2.8. дәрігердің процедураларын өту кезінде емдеуші дәрігердің толық дәрілерді тағайындауларының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері, олар үшін тағайындауға себеп болған қабылдау күнін, диагнозды және Сақтандырылушының ТАӘ көрсете отырып, шоттар қойылады;

10.2.9. уәкілетті тұлғалар куәландырған және тиісті медициналық мекемелердің мөрімен бекітілген амбулаториялық картаның, ауру тарихтарының не көрсетілген құжаттардан үзінділердің нотариалды куәландырылған көшірмелері, рентген кескіндерінің түпнұсқалары;

10.2.10. егер сақтандыру жағдайы денсаулықтың өзге де бұзылуының салдарынан туындаса, қосымша – құзыретті органдардың тиісті құжаттарының түпнұсқалары немесе сақтандыру жағдайының басталғанын, келтірілген зиянды растайтын, зиян келтіруге кінәлі тұлғаларды анықтайтын уәкілетті тұлғалар куәландырған көшірмелері (ішкі істер органдарының, прокуратураның, тергеудің, анықтаудың, сот органдарының, өрт қадағалау органдарының және т.б. құжаттары);

10.2.11. Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда – репатриация қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі түбіртектер;

10.2.12. сақтандыру төлемін аудару үшін қажетті мәліметтер.

10.3. Осы бөлімде тізбектелген барлық құжаттар Сақтандырушыға орысша немесе қазақша немесе қазақ немесе орыс тілдеріне аудармада берілуі тиіс, бұл ретте аудармаға құзыретті ұйымның уәкілетті тұлғасы қол қоюға, нотариалды куәландырылуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде апостиль мөртабанымен куәландырылуға тиіс.

10.4. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып, екі данада анықтама-тізімдеме жасайды. Анықтама-тізімдеменің бір данасы өтініш берушіге беріледі, өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісі бар екінші данасы Сақтандырушыда қалады.

10.5. Сақтандырушыға ұсынылатын құжаттарда сақтандыру жағдайының туындау фактісі мен себептері және келтірілген залалдардың мөлшері туралы жан-жақты ақпарат болуы тиіс.

10.6. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы жазбаша өтінішті алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы хабарлайды.

10.7. Сақтандырушы барлық ұсынылған құжаттарды тексеруге және Сақтандырылушыға медициналық куәландыру жүргізуге және сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын өздігінен анықтауға дейін жеке зерттеу жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

10.8. Сақтандырушы бұл шығындар Сақтандырушымен келісілген, ал келген елде Ассистанс желісінен қажетті емдеу мекемелері болмаған жағдайда Сақтандырушы құжаттарының көшірмелері негізінде және Сақтандырылушының сақтандыру аумағында болған кезеңінде Сақтандырылушының сақтандыру өтемін және шеккен шығындарының өтемақысын төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

## 11 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

11.1. Сақтандыру төлемі бұрын жүргізілген төлемдер шегерімімен жүргізіледі. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде болған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы Шартта анықталған сақтандыру сомасынан аспауы керек.

11.2. Өтелетін тәуекелдер мен сақтандыру өтемінің лимиттері:

Жабылатын тәуекелдер	Сақтандыру сомасы және сақтандыру өтемінің лимиттері ("+" сақтандыру сомасының шегіндегі өтем)					
	15 000	20 000	30 000	50 000	70 000	100 000
Медицинский совет по телефону	+	+	+	+	+	+
Теле-медицинские консультации	1 кеңес	1 кеңес	1 кеңес	1 кеңес	1 кеңес	1 кеңес
Экстренная стоматология (артық емес)	100	130	200	300	450	600
Срочная медицинская помощь (амбулаторное медицинское обслуживание)	+	+	+	+	+	+
Рочная медицинская госпитализация (стационарное медицинское обслуживание)	+	+	+	+	+	+
Медицинская транспортировка по показаниям	+	+	+	+	+	+
Медицинская эвакуация и репатриация	+	+	+	+	+	+
Медикаментозное обеспечение, связанное с амбулаторным медицинским обслуживанием	+	+	+	+	+	+
Посмертная репатриация	+	+	+	+	+	+
Чрезвычайные транспортные расходы (артық емес)	1 500	3 000	4 500	7 500	10 500	15 000

11.3. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы барлық қажетті құжаттарды алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

11.4. Сақтандырушы ұсынылған құжаттарға тексеріс жүргізуге, сақтандыру жағдайының мән-жайлары туралы ақпараты бар ұйымдардан мәліметтер сұратуға, сондай-ақ Сақтандырылушыға медициналық куәландыру жүргізуге құқылы. Қосымша ақпарат алу қажет болған кезде сақтандыру төлемі туралы шешімді қабылдау мерзімі 30 жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

11.5. Сақтандыру жағдайымен тікелей себептік байланыстағы қылмыстық іс қозғалған жағдайда Сақтандырушы құқық қорғау органдары қылмыстық істі тоқтату туралы шешімді қабылдаған күнге дейін немесе сот шешімі заңды күшіне енген күнге дейін сақтандыру төлемінің мерзімін ұзартуға құқылы.

11.6. Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық не жартылай жүзеге асырудан бас тартуға құқылы, егер Сақтанушы (Сақтандырылушы):

11.6.1. сақтандыру шарттарында белгіленген тәртіпте және мерзімде сақтандыру жағдайы туралы хабарламаса не уақтылы хабарламаса;

11.6.2. Шартта белгіленген мерзімде не денсаулықтың бұзылуының себептерін, сипатын және оның туындаған нәтижемен байланысын анықтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді хабарлама жібергеннен кейін ұсынбаса немесе көрінеу жалған дәлелдемелерді ұсынса;

11.6.3. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеуге және Сақтандырылушының денсаулығына келтірілген зиянның мөлшерін анықтауға кедергі келтірсе;

- 11.6.4. қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, сот қасақана қылмыстың белгілерін анықтаған сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған әрекеттер жасаса;
- 11.6.5. емдеу дәрігерінің тағайындаған аурухана режимін орындамаса немесе бұзса;
- 11.6.6. сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамаса;
- 11.7. Сақтандырушы ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ келесілердің нәтижесінде туындаған жағдайларда сақтандыру өтемін төлеуден босатылады:
- 11.7.1. Сақтанушының, Сақтандырылушының қылмыстық немесе құқыққа қарсы әрекеттерінен туындаған ауруларды және/немесе денсаулықтың өзге де бұзылуларын алу;
- 11.7.2. егер Сақтанушы/Сақтандырылушы Сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының/Сақтандырылушының кінәсінен мүмкін болмаса. Сақтандырушы сақтандыру өтемін төлеуден толық немесе тиісті бөлігінде босатылады және артық төленген өтем сомасын қайтаруды талап етуге құқылы;
- 11.7.3. егер сақтандыру төлемін алу мақсатында Сақтандырылушының Сақтандырушыға ұсынған ақпараты мен құжаттарында сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайлары, сондай-ақ сақтандыру жағдайына байланысты көрсетілген қызметтердің түрлері мен құны туралы қарама-қайшы, сенімсіз немесе көрінеу жалған мәліметтерді құраса.
- 11.8. Сақтандырушы сақтандыру өтемін төлеуден босатылады, егер Шарт құру күніне Сақтандырылушының төмендегі әрекеттері белгілі болса:
- 11.8.1. коронавирустық ауруға (COVID) күдікпен карантинде болса не Шарт құрған күнге дейін кемінде 10 (он) күнге карантинде болса, сондай-ақ коронавирустық ауруға (COVID) ПТР-сынағы оң нәтижелі болса;
- 11.8.2. емдеудің кез келген түрін алу мақсатында сақтандыру аумағына шықса;
- 11.8.3. сақтандырудың болжамды аумағында болса;
- 11.8.4. ведомствоаралық комиссиялар, уәкілетті мемлекеттік органдар кету үшін ұсынбаған, аталған ведомстволардың ресми көздерінде жарияланатын елдерге шықса;
- 11.8.5. ұшуға медициналық қарсы көрсетілімдері бар болса.

## **12 БӨЛІМ. ШАРТТЫ БҰЗУ ЖӘНЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТУ**

- 12.1. Шарт келесі жағдайларда өз әрекетін тоқтатады:
- 12.1.1. қолданылу мерзімі өткенде;
- 12.1.2. сақтандыру объектісінің болуы тоқтағанда;
- 12.1.3. сақтандыру жағдайының туындау мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан басқа мән-жайлар бойынша тоқтатылғанда;
- 12.1.4. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;
- 12.1.5. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда;
- 12.1.6. толық сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырғанда;
- 12.1.7. егер сақтандыру шарттарында өзгеше көзделмесе, Сақтандырылушы сақтандыру аумағынан мерзімінен бұрын шыққанда;
- 12.1.8. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша Шарт бұзылғанда;
- 12.1.9. Сақтанушының бастамасы бойынша Шарттың Ережелері мен талаптарына сәйкес Шарт бұзылғанда;
- 12.1.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда.
- 12.2. Шарттың мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соғатын мән-жай лар басталғаннан кейін мүдделі тарап (Сақтанушы немесе Сақтандырушы) Шарт туралы мәліметтерді, бұзу негіздерін көрсете отырып және растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, екінші тараптың атына мерзімінен бұрын тоқтату туралы хат жібереді.
- 12.3. Төленген сақтандыру сыйақысын қайтару мәселесі сақтандыру шарттарына, сақтандыру төлемдерінің болуына немесе болмауына және реттелмеген талаптарға байланысты шешіледі.
- 12.4. Сақтандыру сыйақысының бір бөлігін қайтару есебі сақтандыру шарттары негізінде жүргізіледі.
- 12.5. Шарт оның қолданылу мерзімінің аяқталуы ретінде анықталған күні сағат 24.00-де тоқтатылады.

### **13 БӨЛІМ. ҚОСЫМША ШАРТТАР**

---

13.1. Шартта тікелей реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады. Шартты іске асыру процесінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер жолымен шешеді. Келісімге келмеген жағдайда даулар жауапкердің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешіледі.